

**ИННОВАЦИЈАЛЫҚ
ҮРДС ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУ, ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ ӨЗАРА
БАЙЛАНЫСЫ**

ОиНТ-341


Мұхтар Ғалия

ЖОСПАР:

- 1. Инновация дегеніміз не?
- 2. Инновациялық үрдіс кезеңдері
- 3. Экономикалық даму, және олардың өзара байланысы

«Иновация» - (латынша in, novus - жаңалыққа (жаңалық ендіру (нововведение) деген түсінік. Жаңалық ендіру белгілі ортаға тұрақты жаңалық элементінің енуіне бір жүйенің басқа жүйеге ауысуындағы мақсатты өзгеріс. Кейіннен, педагогикалық иноватика - бұл жаңалықты ашу, педагогикалық қауымдастардың қабылдауы, бағалауы және практикада пайдалануы жөніндегі ілім анықтамасы берілген.





Инновация теориясымен, методологиясымен
ТМД елдерінде, Қазақстан көлемінде
айналысып жүрген ғалымдарымыздың
еңбектері инновациялық үрдісте зерттеу
жұмыстарын тереңдетуге мүмкіндік туғызып
отыр

Әлеуметтік - экономикалық қоғамның тұтас дамуы үшін білімнің маңызын ескере отырып, инновациялық үрдіс тек жеке адамдардың немесе топтың қызығушылықтарына, ықыласына, қалауына байланысты болмас үшін, қоғам жүйелі - ұйымдастырылған, жоспарлы сипаттағы үрдіске көшуі қажет. Барлық мемлекетте үлкенді - кішілі реформалар жүргізілуде, оқыту және тәрбие мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістемесіне спонтанды жаңалықтар ендірілуде.

Инновациялық үрдіс — кезең-кезеңмен өтетін процес. Яғни, жаңалықтардың басты ойларынан іске асыруға дейін, сатуға және сол жаңалықтың диффузиясына дейін апаратын іс-әрекеттер.

Инновациялық процестің құрылымына 7 элемент кіреді. Олардың бір жүйелілікке бірігу нәтижесінде инновациялық процестің құрылымын құрайды.

Инициация — жаңалықтардың жасауларымен күнделікті тұрмысқа енгізу кезеңі. Оның негізі ғылым- новаторлар мен ұйымдастырушылар ұжымының жұмысынан тұрады. Олар түрлі творчестволық шешімдердің және дәстүрлі емес әдістерін қолдана отырып өмірге инновацияларды негіздеп, енгізеді.

Инновацияның маркетингі — стратегиялық және оның шапшаң құрастырушысынан тұратын кезең. Басты мақсаты базар конъюктурасының зерттеуінің нәтижесіне сүйене отырып, базардың сегменттерін құру, сұранысты ұйымдастырып, қалыптастыру, сатып алушының мінез — құлықтарын үлгіге алу, фирма қызметін шапшаңдату, жағдайға қарап нәтижелілікпен басқару, жаңалықтарға бәсеке стратегиясын қалыптастыру.


- Инновацияны өндіріп шығару — өндіріс процесін жинақты орындау. Яғни, еңбек заттары мен еңбек құралын таңдау, өндірістік процесін керекті қорлармен, жабдықтармен, жұмыс аспаптарымен, бақылау құралдарымен қамтамасыз ету.
- Оларға келесі факторлар әсер етеді:
- — механикаландырудың, автоматтандырудың, мамандандырудың деңгейі;
- — технологиялық процестердің деңгейі;
- — технологиялық процестердің және жабдықтаудың орта жасы;
- — жабдықтау жұмысының ауысымдылық коэффициенті;
- — фирманың штаттық кестесінің жинақылығы;
- — қор қырағының еңбегі (негізгі қорлардың белсенді бөлім құнының қызметкерлер санына қатынасы);
- — өндіріс құндылығының көрсеткіштері (кадрлардың тұрақсыздығы, еңбек өнімі, жұмыс уақытының бос өтуі, өндіріс процестердің пропорционалдығы, параллельдігі, ырғақтылығы).

Инновацияны сату- сату, нарық сегментациясын өткізуі арқылы пайда болған инновациялық партиялардың базарға шығуы (нарық сегментациясы: әлеуметтік–демографиядан, пайда, мінез — құлық, әлеуметтік–мәдениеттен және өнеркәсіп тауарларының сегментациясынан тұрады), мақсат сегментациясын таңдау (тұтынушылардың тобын анықтау); тауарлардың позиционерлеу (тауардың имиджін жасап шығару); тауарды сатуға арналған шапшаң маркетинг бағдарлама мен нәтижелі жарнама шығару; тауардың өтуіне байланысты ынталандыру әдісін ұйымдастыру.



Инновацияның экономика тиімділігін бағалау — инновацияның шығындар мен табыстылығын, рентабельдік көрсеткішін, инвестицияның инновацияға есесін қайтару аралығын анықтайтын кезең.

Инновацияның диффузиясы — тауарларды сыртқы нарықтарға көпшілікке тарату кезеңі. Ол инновациялардың өту функциясына ұқсас, яғни қалаған тарату каналдарымен немесе басқа өтім желілері арқылы инновацияларды тұтынушыларға дейін жеткізіп салу қызметін атқарады.



Инновациялық үрдіс нәтижесі – бұл экономиканың әр түрлі салаларында қолданылатын және халықаралық саудада ерекше тауар болып табылатын технологиялық жаңалықтар. Әлемдік экономикада технологияның қозғалысы жеке елдерде жеткен ғылыми–техникалық прогрестің дамуының деңгейіндегі айырмашылықтардың нәтижесі болып табылады. Көптеген анықтамалары мен модельдері бар техникалық прогресс технологияның дамуының негізін құрайды. Жаңа технология мен техниканың пайда болуы өндірісті және еңбекті ұйымдастыруды және оны басқару жүйесін мүлдем өзгертіп, сапалық жаңалықтарды енгізді. Механикалық, технологиялық процестерге тікелей адам күшін пайдалану азайып, адамның шығармашылығын, интеллектуалдылығын пайдалану алдыңғы қатарға шықты. Қазіргі заманғы күрделі құрал-саймандар мен технологияларды жедел игеріп, оларды бақылау, басқару, қысқа мерзімде өндірістік шешімдер қабылдау жұмыскерлер мен қызметкерлердің жауапкершілігін арттырады, олардың жоғарғы біліктілігін талап етеді. Инновациялық үрдіс өндіріс факторларына, кәсіпкерлік іс-әрекетті басқаруды ұйымдастыру формаларына, технологияның қозғалысына және солар арқылы аймақ экономикасына әсер етеді. Кері байланыстарды ескермейтін болсақ, инновациялық процестердің аймақ экономикасына ықпалын схемалық түрде көрсетуге. Индустриалды-инновациялық процестің аймақ экономикасына ықпалы

ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ АЙМАҚ ЭКОНОМИКАСЫНА ЫҚПАЛЫ



Пайдаланылған әдебиеттер

1. Асан Д.С., Асанова А.С. «Қазақстан Республикасындағы индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы». Орталық Азия одағының ұлттық экономика жүйесінің мүмкіншілітері мен интеграциялық болашағы. - Алматы, 2005. – 322 б.
2. <http://bigox.kz/innovaciya/>
3. Мейірбеков А.К.; Әлімбеков Қ.Э.; «Кәсіпорын экономикасы», Алматы, 2003

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ

